

Өткен ғасырдың басындағы “кіші қазан” саясаты, күштеп ұжымдастыру, асырасілтеушілік, әсірекұзыл науқаншылдық қазақты қынадай қырып, зардабы зор ашаршылықта алып келді. Ашаршылық жылдары талай қазақ үйін тастап, иен да-лаға босып кетті. Байтал түгіл бас қайғы болып, өлім құшты. Мұның бәрі қалам ұстаған қа-уымды ойландырмай қоймады.

Аталған тақырыпқа алғаш қалам тартқан қайсар қаламгерлердің бірі – қызылжарлық Жақан Сыздықов еді. Оның “Әли қарттың әңгімесі” поэмасы 1927 жылы жарық көріп, онда алапат жұттың ауыр зардаптары баяндалады. Ашаршылық жылдары туралы ақын:

Жұтқа салып ылаңын.
Ойнатып жын-боранын,
Кімге зәрін шашпады?
Талайлары арандап,
Сүркія аштық жаландап,
Кімге аранын ашпады? – деп жазады.

ШЕРЛІ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

Өз заманында бұл шығарма ел арасында кең тараған. Аға буын өкілдері “Әли қарттың әңгі-месін” оқып өскендерін әлі күнге дейін айтып отырады.

Өкінішке қарай, бұл шығарма ақынның басына қара бұлт үйірді. Кеңестік жүйенің қызыл-көз жendetтері қаламгерді нысанасына алып, талай рет қысым жасады.

Автордың тағдыры туралы профессор Тұрсынбек Кәкішев “Осы фактіні 1937 жылы талайдың сорын қайнатқан қара ниетті жазушы, енді ғана әдебиетінің табалдырығын аттайын деп жүрген екі пысық та ұтымды пайдаланады. Жақаның сағын сындыру үшін осы құбылысты көрінген жерде бетіне басып, өнімді қаламгерлердің қатарынан ығыстырып тастанады. Газет-журналдар бірнеше жыл Жақан-

ның шығармасын баспады. Жиналыш-жынындарда идеялық сақтықты қүшету әңгіме болса, Жақанды сынап, көзге тұрткі еткені де рас”, – деп жазады.

Әдебиетімізде кейін жазылған Нұрхан Ахметбековтың “Күләндам”, Шахан Мусиннің “Сөнбеген сенім”, Бұркіт Ысқақовтың “Тас еден ызғары” дастандары да осы тақырыпқа арналды. Бұл шығармалар авторларының тағдыры да женіл болды деп айта алмаймыз. Бейімбет Майлиннің “Айт күндері” әңгімесін де осы қатарға қосуға болады.

Ашаршылық тақырыбына алғаш болып қалам тартқан қызылжарлық ақын-жазушылардың енди бірі – Байбатыр Ержанов. Оған қатысты 1936 жылы шыққан сот үкімінде “1933 году написал рассказ “За колхоз” носящий явно контрреволюционный характер”

деп жазылған. Оған қатысты ма-териалдардың ішінде әлдебір күәгердің осы шығармаға қатысты берген жауабы да келтірлген. “Ержанов в одном своем рас-сказе “ОЛЕМКШТУ” (“Өлім құшты”) посвященном колхозному строительству излагал исключительно свою алашординскую идеологию и этот рассказ по своему содержанию является явно антисоветским. Ержанов этот свой рассказ дал мне пос-мотреть и дать рекомендацию для направления в издательство”, – делінген жауапта.

Өкінішке қарай, ашаршылықта арналған аталған шығарма жарық көрген жоқ. Алайда, құжаттарда, айыптау үшін орысша аударылған кей үзінділері сақталған.

Бір қызығы, үзіндіде баяндалған Үлгі, Богдановка елді ме-кендері бүгінгі – Жамбыл ауда-

нындағы ауылдар. Үзіндіден Ха-сен атты кейіпкердің ауылдан шығып, Богдановкаға жаяу кет-кенін көреміз. Бүгінде Үлгі мен Богдановканың арасы – небәрі 15 шақырымдық жер. Автордың өзі Жамбыл ауданында болғанын Габит Мұсіреповтің естелік-тері де растайды. Аталған шығарманың өнір тарихы үшін құн-дылығы да осында.

Тоқсаныншы жылдардың со-нынан бастап ашаршылық, саяси-куғын сүргін тақырыптары қайта көтеріліп, шығармаларға арқау бола бастады. С.Елубай, Б.Мұқай, Ф.Жайлұбай сынды ақын-жазушылар осы тақырыптар жайлы ойлы туындылар қалдырыды. Әдебиетіміз ілгері дамыған сайын шерлі жыл-дардың қасіреті де жаңаша көрініс тауып, терең суреттеле түсsetініне сенім мол.

Гүлден АСҚАРҚЫЗЫ,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенті.